

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық университеті» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімінен
БЕКІТІЛДІ

«23» 04 2025ж. № 9 хаттама
Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров

**Қазақ ұлттық өнер университеті колледжі
Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар**

**01140200 – «Музыкалық білім»
4S01140201 – Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің
музыка мұғалімі**

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
01140200 – «Музыкалық білім»	4S01140201 – Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі	9 сынып базасында	Қазақ/орыс

Қабылдау емтихандарының басты мақсаты – «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасын меңгеруге үміткерлердің дайындығының деңгейін анықтау. Бұл мамандық шығармашылық қабілеттердің, көркем-шығармашылық әлеуеттің және педагогикалық қасиеттердің болуын талап етеді.

Шығармашылық бағыттағы қабылдау емтихандары ауызша түрде, тыңдалым және әңгімелесу форматында өткізіледі және олардың нәтижелері хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттамада үміткерге қойылған сұрақтар мен емтихан алушылардың пікірлері көрсетіледі. Әңгімелесу үміткердің зияткерлік деңгейін, бағдарын анықтауға бағытталуы мүмкін.

Әңгімелесу үміткердің зияткерлік деңгейін, бағдарын, музыкалық білімі мен жалпы мәдениетке деген қызығушылығын, шығармашылық әлеуетін, кәсіби бейімділігін, эстетикалық талғамын, коммуникативтік және педагогикалық-психологиялық дайындығын анықтауға бағытталуы мүмкін.

Емтихан барысында үміткердің музыка саласындағы базалық білім деңгейі, музыкалық есту қабілеті, есте сақтау мүмкіндігі, ырғақ сезімі, вокалдық және орындаушылық дағдылары бағаланады. Сонымен қатар, шығармашылық ойлау, музыкалық шығарманы талдау және интерпретациялау дағдылары да назарға алынады.

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

1. Мамандық (бағдарламаны орындау)

«Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша бағдарлама:

Аталған бағдарлама әртүрлі деңгейдегі музыкалық дайындықпен түсушілерге арналған қабылдау емтихандарына қойылатын талаптарды қамтиды. Талапкер аспаптық және вокалдық орындаушылық дайындығының деңгейін көрсетуі тиіс.

«Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша шығармашылық бағыттағы қабылдау емтихан бағдарламасының (тыңдалым) талаптары:

- Аспаптық бағдарлама орындау (2 әртүрлі жанрдағы, әртүрлі сипаттағы шығарма);
- Вокалдық бағдарлама орындау (2 вокалдық шығарма: *халық әні* немесе *мектеп репертуарынан ән* (a, capella), жеке аспап көмегімен сүйемелдеп орындалатын ән);
- Сұрақ-жауап (коллоквиум).

«Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша тыңдалым талаптары

Аспаптық бағдарлама:

Аталған мамандыққа тапсырушы талапкер келесідей дағдыларын көрсетуі тиіс:

- техникалық дайындық деңгейі;
- сапалы дыбыс шығару қабілеті;
- сахналық өзін-өзі ұстау мәдениеті;
- орындалатын шығармалардың көркемдік мәнерлілігі.

Вокалдық бағдарлама:

- ән айту интонациясының тазалығы;
- дикция/артикуляцияның анықтығы;
- бірінші октава ішегіндегі дауыс диапазонының болуы;
- орындаудың эмоциялық мазмұндылығы.

Консультация: Түлектің дауыс диапазонына сәйкес репертуар тандауын бағалай отырып, вокалдық-орындаушылық мүмкіндіктері жөнінде ұсыныстар беріледі.

2. Коллоквиум талаптары:

Коллоквиумның мақсаты – келесі дағдыларды анықтау:

1. Емтиханда орындалған шығармалар, олардың авторлары туралы ақпарат алмасу, шығарманың стильдік ерекшеліктеріне сипаттама беру және өзінің орындаушылық интерпретациясын негіздеу қабілеті;
2. Мәдениет және өнер саласындағы жалпы білім деңгейі.

Коллоквиум талапкердің жалпы мәдени деңгейін, музыкалық эрудициясын, музыка тарихының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын білуін, қазақ және шетел классикалық әрі заманауи музыкалық әдебиет үлгілерімен, сондай-ақ өнердің өзге салаларымен таныстығын анықтайды.

3. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

4.

СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) – емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.

I. Музыкалық диктант:

- Бірдауысты.
- Форма - біртональдік периоді, екі сөйлем, 8 такт.
- Жазу уақыты - 25-30 минут.
- Қайталау саны - 8-10 рет.
- Өлшем-ырғақтық қиындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нүктемен және он алтылық ырғақты топтар, пунктирлі ырғақ (төрттік нүктемен және сегіздік, сегіздік нүктемен және он алтылық).
- Интонациялық қиындықтар - қарапайым интервалдар, диатоникалық және гармоникалық үштондықтар, негізгі үшдыбыстық мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозғалу, диатоникалық секвенциялар.

Мысал:



II. Ауызша емтихан:

1. Балалар музыка мектебі бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндету:
 - Ладтар - мажор және 3 түрлі минор;
 - Интервалдар – қарапайым, үштондар;
 - Аккордтар - мажорлық және минорлық үшдыбыстықтар айналымдарымен, D7 айналымдарымен;
 - Нотаны парақтан оқу:

Мысал:



3. Есту қабілетін талдау:

- Ладтың сатылары;
- Қарапайым интервалдар, үштондар
- Аккордтар – мажорлық және минорлық үшдыбыстар, олардың айналымдары, D7 және оның айналымдары.

ПЦК «Вокалдык өнер және хор
дирижерлеу» төрайымы

С.Е. Шанкилова

ПЦК «Музыка теориясының» төрайымы

Н.К. Жолдасова

«Музыкалық орындаушылық және педагогика»
кафедраның меңгерушісі

Д.Е. Кожебаев